



010000, Нұр-Сұлтан к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

№  
23.09.2021 № 10 ге

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

**Тұрақты комиссияның  
2021 жылғы 23 қыркүйектегі  
қауалысы**

**Нұр-Сұлтан қаласын газдандырудың  
проблемалық мәселелері туралы**

«Нұр-Сұлтан қаласын газдандырудың проблемалық мәселелері туралы» ақпаратты тыңдап және талқылай отырып, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылышы, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы елорданың атқарушы органдарымен Нұр-Сұлтан қаласын одан әрі газдандыру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті.

2019 жылды 9 іске қосу кешені бар жобаның 1-ші кезегінің құрылышы басталды. 2,3-ші кезектер бойынша жобалау-іздестіру жұмыстары жүргізілуде, оларды іске асыру мерзімі 2021 жылдан бастап 2023 жылға дейінгі кезеңде республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жеке инвестицияларды тарту арқылы жоспарланып отыр. 1, 2, 3, 4 және 7 іске қосу кешендері бойынша жұмыстар аяқталды, желілер «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ тапсырылды.

Бұғынгі күні «Железнодорожный» тұрғын алабында, Көктал-1, Көктал-2, Агрокалашықтың бір бөлігінде алғашқы тұтынушыларды қосу қамтамасыз етілді. Тұрғындарды кезең-кезеңмен қосу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2021 жылғы қарашаға дейін 5 іске қосу (Агрокалашық), 8 іске қосу (Оңтүстік-Шығыс ш/а оң бөлігінің сол жағы, Промышленный), 9 іске қосу кешендерін (Оңтүстік-Шығыс ш/а оң жағы) енгізу жоспарланған.

Тұтынушылардың қосылу шығындарын азайту мақсатында «Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ газ желисіне қосылу үшін халықтың қорғалмаған топтарына 263 мың теңге мөлшерінде өтемақы жүргізуде. Сондай-ақ, газдандыру жобасында есептеу құралдарын сатып алу қарастырылған, бұл оны тұтынушыларға тегін негізде еруге мүмкіндік береді.

Жеке және занды тұлғаларға елорданың газ тарату желілерін жобалауга және қосылуға техникалық шарттар беру бойынша жұмыстар басталды.

000161

Нұр-Сұлтан қаласындағы «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ астаналық өндірістік филиалы (бұдан әрі – «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ) табиғи газды 2020 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде бюджет қаражаты есебінен салынған таратушы құбырыждарды арқылы тасымалдауды жүзеге асырады.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ бүгінгі таңда жоғары, орта және төмен қысымды газ құбырының 225 шақырымын пайдалануға берді. Жыл сонына дейін 381,6 км іске қосу жоспарлануда.

Нұр-Сұлтан қаласының тұтынушыларын газben үздіксіз және апартызы қамтамасыз ету мақсатында «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Газ шаруашылығы объектілерінде және тұрмыста газды пайдалану барысында авариялық жағдайлар туындаған кезде қалалық қызметтермен өзара іс-қимыл жасау жоспарларын әзірледі.

2020 жылдың желтоқсан айынан бастап газға қосылған тұтынушылар саны 43 - 538 дейін өсті, ЖЭО қазандық агрегаттарын табиғи газға кезек-кезеңімен ауыстыру жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, қаланы газдандыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, оларды шешу үшін қосымша шаралар қабылдауды талап ететін проблемалық мәселелер де бар.

Алматы ауданының Оңтүстік-Шығыс шағын ауданында жүргізіліп жатқан жұмыс сапасын тұрақты бақылау қажет, мәселен, онда газ құбыры үшін бір жарым-екі метр траншея қазылған, алайда жол жабынын онай қалпына келтіру үшін 15-20 см жеткілікті болған.

Мердігерлер жұмысқа уақытылы шықпайды және бүлінген абаттандыруды қалпына келтіруге үлгермейді.

Халық арасында түсіндіру жұмыстары нашар жүргізілуде: буклеттер, инфографика, іс-қимылдардың нақты алгоритмі және мерзімдері жоқ.

«Сарыарқа» ауданы бойынша газға 4064 үй қосылыш, абоненттермен шарттар жасалған болса, «Алматы» ауданында газға 97 жеке үй қосылған, 12 үй - қосылу сатысында, 76 үйде монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Жоғарыда баяндалғаның негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының күрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТИ**:

1. «Нұр-Сұлтан қаласын газдандырудың проблемалық мәселелері туралы» ақпарат назарға алынын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ:

бекітілген кестеге сәйкес тұтынушыларды газben жабдықтауға қосу бойынша жұмысты жалғастыру;

«Nur Otan» партиясының Жол картасына сәйкес ағымдағы жылдың сонына дейін газ тарату желілеріне 9 мың үй қосылуы тиіс;

елорданы газдандыру бойынша нақты көрініс туралы ақпарат беру;

Оңтүстік-Шығыс шағын ауданының тұрғындарымен газ тарату желілеріне қосу жөнінде кездесу өткізу;

халықты реттелмелік қызметке бір жұмыс күні ішінде қосылу туралы хабардар ету;

Оңтүстік-Шығыс тұрғын алабының көшелерін қосудың нақты кестесін, сондай-ақ қазылған траншеяларға қатысты, төсеу жұмыстары аяқталғаннан кейін олардың қаншасы көмілмегені туралы ақпаратты ұсыну;

халықпен жоспарланған көмір жеткізілімдері туралы ақпараттандыру жұмыстарын тұрақты негізде жүргізу ұсынылсын.

### 3. «ҚазТрансГаз Аймақ»АҚ:

бір ай мерзімде «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының өкілеттіктерін асыра пайдалану бөлігінде анықталған елеулі бұзушылықтарды, сондай-ақ Қоғамның жарғысын және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметі жүзеге асыру Қағидаларын бұзушылықтарды жою, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің талаптарын бұзушылықтарды қысқа мерзімде жоюды қамтамасыз ету, атап айтқанда:

1) тұтынушыларды газбен жабдықтау желілеріне қосу мерзімдерін бұзу бойынша;

2) қосымша материалдарды талап ете отырып, газбен жабдықтау желілеріне қосудан бас тарту бойынша;

3) газбен жабдықтау желілерінә қосқаны және есепке алу аспаптарын пломбалағаны үшін жеке тұлғалардан төлем (24 мың теңге) алу бойынша ұсынылсын.

4. «Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ халықтың әлеуметтік осал топтарына газ қосу бойынша өтемақыны уақтылы беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ұсынылсын.

5. «Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы» ММ газдандыру мәселелері бойынша халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшету ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде беру қамтамасыз етілсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
құрылыш, экология, көлік, сауда және  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері  
жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы**

**Б. Котырев**